

А. Б. Сәрсембек, 1-курс
Ғылыми жетекшісі: У. Ш. Шапақ, ұлттық құқық жоғары мектебінің про-
ректор-директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақ гуманитарлық-заң университеті)

ПРОКУРАТУРАНЫҢ МЕМЛЕКЕТ МЕХАНИЗМІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Мемлекеттің сан қилы қызметін атқаратын механизмі болады. Мемлекеттің механизмі — белгілі түрде ұйымдастырылған, ішкі тұтастығымен және өзара байланыстылығымен сипатталатын мемлекет органдарының жүйесі. Әр мемлекеттің механизмі оның тарихи, әлеуметтік, ұлттық, экономикалық, географиялық және т. б. ерекшеліктеріне байланысты құрылады. Дегенмен, барлық мемлекеттерге бірдей тән органдар болады.

Негізінен, олар — құқықтық тәртіпті сақтайтын, мемлекеттің ішкі қауіпсіздігін, сыртқы тәуелсіздігін қорғайтын органдар. Мұндай органдар әр дәрежеде, әр көлемде барлық мемлекеттерде болады. Мемлекет механизміне тән заңдылық — оның органдары тек мемлекет қызметін атқаруға қажет болғанда ғана құрылады. Екінші заңдылығы — бірінің қызметін бірі қайталайтын органдардың болмауы. Мемлекет механизмінің құрылымы мемлекеттік органдардан, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардан және мемлекеттік қызметкерлердің, ұйымдық қаржылардан, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді қамтамасыз етуге қажет ықтиярсыз көндіру күштерінен тұрады.

Мемлекеттік органдар өкіметтік қызметтерін жүзеге асырудың барысында өзара тығыз байланысты болатындығын атап көрсеткен жөн.

Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың биліктік өкілеттіліктері болмайды. Олар экономика, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, ғылым, спорт және т. б. салаларда жалпы әлеуметтік қызметтерді атқарады.

Мемлекеттік қызметкерлер — бұлар басқару ісімен арнайы түрде айналысатын айрықша топ құрайтын санаттағы адамдар болып табылады. Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық жағдайы арнайы заң арқылы реттелінеді, онда мемлекеттік қызметкерлердің түрлері, міндеттері және олардың құқықтары айқындалып көрсетіледі.

Демократиялық құқықтық, әлеуметтік мемлекет ғасырлар сынағынан өткен принциптерге негізделіп құрылады. Мұндай мемлекеттердің механизмі мынандай органдардан тұрады:

1. Өкілдік органдар. Қазақстан Республикасында өкілдік органдар екіге бөлінеді:
 - 1). Жоғары өкілдік орган — Парламент. Парламент — бірден-бір заң шығаратын орган.
 - 2). Жергілікті өкілдік органдар — облыстық, аудандық, қалалық мәслихаттар.
2. Мемлекет басшысы. Қазақстанда мемлекет басшысы — Президент. Президент мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және үкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.
3. Атқарушы орган. Қазақстанда жоғары атқарушы орган — Үкімет. Жергілікті атқарушы органдар — әкімшіліктер.
4. Орталық басқару органдары. Қазақстанда оларға: министрліктер, мемлекеттік комитеттер, агенттіктер, ведомстволар жатады.
5. Сот органдары. Қазақстанда оларға: Жоғарғы сот, жергілікті соттар, әскери соттар жатады.
6. Прокуратура. Ол заңдардың біркелкі орындалуын қадағалайтын орган.
7. Әскер. Оған мемлекеттің әр саладағы қарулы күштері жатады.
8. Барлау, қарсы барлау органдары.
9. Абақты, бас бостандығынан айырылған адамдарды ұстап тұратын орындар.

Қазақстан Республикасының құқық органдары арасында прокуратура айрықша орын алады. Оның қызметі көп қырлы және көптеген бағыттарда жүзеге асырылады. Прокуратураның міндеттері Қазақстан Республикасының Конституциясымен және «Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» арнаулы Заңымен белгіленген.

Прокуратураның басты міндеті барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының Заңдарды, Президенттің жарлықтарын, басқа құқықтық-нормативтік актілерді мүлтіксіз және біркелкі қолдануына жоғарыдан қадағалауды жүзеге асыру болып табылады.

Прокурорлық қадағалаудың мақсаты — Республиканың бүкіл аумағында біртұтас және берік заңдылықты қамтамасыз ету, заңнамалардың талаптарын бұзу фактілерін анықтау және кінәлілерді жауапқа тарту.

Прокуратура өз қызметін мемлекет атынан жүзеге асырады. Ол өз қызметін Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп беретін тек қана Бас прокурорға бағына отырып, басқа мемлекеттік органдарға тәуелсіз атқарады.

Прокуратураға кең өкілдіктер берілген. Мысалы, ол мыналарды қадағалауды жүзеге асырады:

- а) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын сақтауды;
- ә) полициялық органдардың тергеулер мен анықтаулар кезіндегі заңдылығын;
- б) азаматтарды әкімшілік жауапқа тартудың заңдылығын;
- в) сот белгілеген жазаларды орындау мен азаматтық істер бойынша сот шешімдерін орындау заңдылығын;
- г) сот органдарының үкімдерінің, шешімдерінің заңдылығын.

Өздерінің қадағалау қызметтерін прокуратура әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырады. Мысалы, мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың кез келген заңсыз шешімдері мен қаулыларына наразылық білдіру; қылмысты зерттеу кезінде заңсыз әрекеттерге жол бермеуді бақылау және т. б. жолдарымен. Қылмыс фактісін анықтағанда Прокуратура қылмыстық іс қозғайды, оны сотқа жібереді және мемлекеттік айыптаушы ретінде көрінеді.

Сонымен бірге прокурордың сезіктіні қамауға алуға, тінту жүргізуге рұқсат беруге, заңнамалар талаптарын бұзуға әкелуі мүмкін, жұмыстағы кемшіліктерді жоюға лауазымды адамдарға міндетті болатын жазбаша нұсқаулар беруге құқы бар.